



ЕУРОПА ОДАҒЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӨКІЛДІГІ

Еуропалық Одақ Өкілдігінің Басшысы, Елші Аурелия Бушез ханымның VII Астана экономикалық форумы аясында "Қара теңіз-Каспий транзиті: ТРАСЕКА шеңберіндегі диалог" сессиясында сөйлеген сөзі

Астана, 22 мамыр 2014ж.

Мәртебелі Вице-министрлер, құрметті қонақтар!

Қазақстандағы ЕО өкілдігінің өкілі ретінде сіздерді ТРАСЕКА-ға арналған осы сессияда көргеніме өте қуаныштымын.

Ең алдымен бұл Форумды және осы маңызды тақырыптық сессияны өте жақсы ұйымдастырғаны үшін ұйымдастырушыларына - Қазақстан Республикасының Көлік министрлігіне, ТРАСЕКА Ұлттық Хатшылығына алғысымды айтқым келеді.

Осында үкіметтің, ТРАСЕКА Үкіметаралық комиссия Бас Хатшылығының, өңірлік компанияларының көптеген көрнекті өкілдері, сондай-ақ ЕО жобаларының өкілдері келгеніне қуаныштымын.

Құрметті қонақтар,

"Еуропа-Кавказ-Азия" (ТРАСЕКА) көлік дәлізі – бұл Қара теңіз, Кавказ, Каспий теңізі мен Орталық Азия арқылы өтетін Еуропадан Қытайға көлік дәлізін дамыту үшін ЕО 1993 жылы бастаған бағдарлама.

"ТРАСЕКА" ЕО бағдарламасының негізін екі басты баған құрайды. Бірінші – бұл қатысушы елдердің саяси және экономикалық негіздерін жақсы жұмыс істейтін көлік маршруттары арқылы еуропалық және алыс әлемдік нарықтарға олардың қол жеткізу мүмкіндіктерін кеңейту жолымен нығайту, және екіншісі – дамумен және өңірдегі сауда мен коммуникацияларды жақсартумен байланысты барлық мәселелер бойынша қатысушы мемлекеттер арасындағы өңірлік диалогты, тату көршілік қатынастар мен ынтымақтастықты ынталандыру.

Осы мақсаттарға табысты жету үшін өңірлік ынтымақтастықты жақсарту үдерісі мен көлік секторындағы реформалар тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуға жетуге, сондай-ақ өңірдегі бейбітшілікке, тұрақтылық пен аман-саулыққа көмектесуге бағытталуы қажет.

2012 жылға дейін ЕО осы бағыттағы ынтымақтастықты инфрақұрылымды дамыту, күзет және көліктегі қауіпсіздік, сондай-ақ сауда мен логистикаға көмектесу салаларындағы 80-нен астам жобалар үшін шамамен 180 миллион еуро жалпы сомаға техникалық көмектесу арқылы қолдады.

ТРАСЕКА-ның ағымдағы жобаларына мыналар: Логистикалық үдерістер мен теңіз магистралдары (2011—сәуір 2014 ж.; бюджет: 5,2 млн еуро), Азаматтық авиацияны қорғау және қауіпсіздік (2012—ақпан 2015 ж.), Көліктік диалог пен желілер әрекеттестігі II (қаңтар 2013 ж.—қаңтар 2016 ж.; бюджет: 3,5 млн еуро); Теңізді қорғау және қауіпсіздік II (қаңтар 2013 ж.—қаңтар 2016 ж.; бюджет: 3 млн еуро); Шығыс Әріптестік пен Орталық Азия елдері үшін жол қауіпсіздігі жөніндегі іс-қимылдардың өңірлік жоспарын (қаңтар 2014 ж.—қаңтар 2016 ж.) іске асыру кіреді.

2014 -2020 жж. кезеңіне арналған мынадай қаржы шеңберіне келсек ЕО мұндай ауыстыру тетігін Орталық Азияға арналған Инвестициялық қор арқылы Орталық Азияда көліктің тұрақты түрлерін дамытуды қолдау үшін пайдалануды жалғастыруға ниетті.

Ханымдар мен мырзалар,

Көлік желілері мен инфрақұрылым Қазақстанды қоса алғанда, ТРАСЕКА-ның елдерімен ЕО ынтымақтастығының ортасында болды. Мен іске асыру барысын қолдау үшін Қазақстанда ТРАСЕКА Ұлттық хатшылығы жасаған жұмысты атап өткім келеді.

"LOGMOS" жобасы жылжитқан және қолдаған жуырдағы «Жібек жел» жобасын ерекше атап өткен жөн. «Жібек жел» жобасы Қытай шекарасынан бастап ЕО-ға дейін Қазақстан, Каспий теңізі, Әзербайжан, Грузия мен Түркия арқылы маршрут бойынша контейнерлік поездарға арналған бәсекелік қосуды қамтамасыз етуге бағытталды. 2012 жылы қараша айында төрт қатысушы елдің көлік министрлері осы көлік дәлізін іске асыру үшін Ынтымақтастық жөніндегі өзара әрекеттестік туралы меморандумға (физикалық инфрақұрылымнан басқа саудаға көмектесу шараларына ерекше назар аударылады, мысалы, кеден рәсімдерін үндестіру және т.б.) қол қойды.

Осы тұрғыдан "LOGMOS" жобасы Қазақстан билігімен және жеке операторлармен Ақтау портының одан әрі дамуын және құрлық пен теңізде оның көлік қатынасын қолдау үшін бірлесіп жұмыс істеді.

Теңіз секторындағы біздің ағымдағы жоба қазақстандық билікке тиімді Теңіз және порт әкімшілігін құру үдерісінде көмек көрсету үшін қосымша күш салуда.

Мен ЕО мен Қазақстандық сектор арасындағы ынтымақтастықтағы оң серпілісті атап өткім келеді, бұл біздің әуе қатынастарымыздың аясын кеңейтуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, азаматтық авиация жөніндегі ТРАСЕКА жобасы бұл мәселені шешуге ықпал етті.

Жақын болашаққа келсек, қазір қорғаныс және қауіпсіздік жүйесін жақсарту үшін Азаматтық авиация жөнінде жаңа жоба әзірленуде. Әрине оны іске асыру Еуропалық комиссия тарапының соңғы мақұлдауына байланысты.

Құрметті қонақтар,

ЕО ТРАСЕКА өңірі бейбіт және экономикалық жағынан сау болғанына мүдделі. ТРАСЕКА Қара және Каспий теңіздері арқылы өтетін қорғалатын және қауіпсіз желілер құру жолымен осы мақсаттарға жетуде маңызды рөл ойнауға тиіс.

Бұл үдерісте көптеген мүдделі тұлғалар - мемлекеттік мекемелер, ЕО бағдарламалары мен бизнес компаниялар тығыз байланысқан. Іс жүзінде олар бір-біріне мұқтаж, себебі біздің жобалар шеңберінде орындалатын жұмыс мақұлдануы және күтілетін нәтижелерге жету үшін мемлекеттік органдардың, бизнес компаниялардың және басқа мүдделі тұлғалар жағынан өңірлік деңгейде қолдау табуы тиіс және керісінше. Мен, бұл көрнекті сарапшылар тобы көп қырлы ынтымақтастықты талқылау үшін өте жақсы тұғыр болып табылады деп есептеймін.

Назарларыңызға рақмет және табысты пікірталас тілеймін.